

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
<p>3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education</p>		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамымауы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

3. Баенская Е.Р. Раннее аффективное развитие детей с аутизмом // Альманах Института коррекционной педагогики РАО (Электронный ресурс), - 2014, №19.

4. Баенская Е.Р. Разделенное переживание – путь терапии детского аутизма // Альманах Института коррекционной педагогики РАО (Электронный ресурс), - 2014, №20.

5. Выготский Л.С. Проблема возраста. – Собр. сочинений в 6 томах. – том 4. - М.: Изд-во «Педагогика», 1984. – С. 244-268.

ӘОЖ 37.013.42

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНА БЕЙІМДЕУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Тайғарина Айгерім Эрикқызы

7M01801 - «Әлеуметтік педагогика» БББ магистранты

taigarinaaigerim@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші –п.ғ.к., аға оқытушы Байменова Ботағоз Серикбаевна

Аннотация Бұл мақалада психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі қарастырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері – оқушылардың оқу үдерісіне бейімделуін қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, әлеуметтік дағдыларын дамыту, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтар арасындағы өзара байланысты үйлестіру болып табылады. Зерттеу барысында әлеуметтік педагогтың бейімдеу жұмыстарындағы практикалық бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, бейімдеу, инклюзивті білім беру, психикалық дамуында тежелуі бар, бастауыш сынып оқушылары.

Қазіргі қоғамда инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеудің, тең мүмкіндіктер жасау мен толыққанды тұлғалық дамуды қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады [1]. Осы тұрғыда психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын жалпы білім беру ортасына бейімдеу – білім беру жүйесі үшін өзекті мәселе.

Психикалық дамуында тежелуі бар оқушылар мектеп өміріне бейімделу барысында бірқатар қиындықтарға тап болады: қарым-қатынас жасау дағдыларының жеткіліксіздігі, зейіннің тұрақсыздығы, оқуға деген қызығушылықтың төмендігі, эмоциялық-еріктік саланың әлсіз дамуы. Оқушының оқу қиындықтары, әдетте, мінез-құлқындағы ауытқулармен бірге жүреді. Жүйке жүйесінің функционалды жетілмегендігіне байланысты тежеу және қозу процестері теңдестірілмейді. Бала не өте қозғыш, импульсивті, агрессивті, ашуланшақ, балалармен үнемі қақтығысады [2]. Мұндай балалардың әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуі үшін арнайы қолдау мен жан-жақты көмегін қажет етеді. Осы орайда әлеуметтік педагогтың рөлі ерекше мәнге ие.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш мектеп оқушыларының ерекшелігі негізгі бұзушылықтардың есте сақтау, назар аудару, ойлау және кеңістіктік бағдарлаудың төмен көрсеткіштерін қоса алғанда, зияткерлік даму деңгейінде көрінуі болып табылады.

Ғылыми зерттеулер психикалық дамуында тежелуі бар оқушылардың танымдық дамуының жеткіліксіздігі олардың ойлау әрекеттерінің, есте сақтау процестерінің және еріктік сапаларының бұзылыстарымен тікелей байланысты екенін дәлелдейді. [3] Психикалық дамудың тежелуі (ЗПР) ғылымда психиканың дамуындағы уақытша артта қалу ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта этимологиялық қағидат негізінде ЗПР бар балаларды жіктеу қолданылады (Лебединская К.С) [4]. Психикалық дамуының тежелуі төрт топқа бөлінеді:

Конституциялық;

Соматикалық;

Психогенді;

Церебральды-органикалық себептер.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) бастауыш сынып оқушылары үшін мектепке бейімделу — күрделі әрі ұзақ мерзімді процесс. Бұл балалардың даму ерекшеліктері олардың жаңа ортаға енуін қиындатады. Дефектолог мамандардың зерттеулері көрсеткендей, ПДТ бар оқушылардың эмоционалды-ерік саласы әлсіз дамыған. Мұндай балалар өз әрекеттерін саналы түрде реттей алмайды, олардың мінез-құлқында тұрақсыздық пен агрессия жиі байқалады. Олар құрдастарымен тіл табысуда қиындық көреді, бірлескен әрекетке оңай қосыла алмайды, ұжымдық жұмыстарда енжарлық танытады. Бұл балаларда өзін-өзі бағалау төмен, өз күшіне сенімсіз, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуда ұяң немесе керісінше – шамадан тыс шабуылшыл болуы мүмкін. Сонымен қатар, көңіл-күйдің тұрақсыздығы, шыдамсыздық, қорқыныш сезімі мен үнемі біреуге еліктеушілік те жиі байқалады.

Мұндай ерекшеліктер оқушының мектеп ортасына, оқу режиміне және тәртіп ережелеріне бейімделуіне кедергі келтіреді. Осының салдарынан баланың оқуға деген қызығушылығы төмендеп, танымдық белсенділігі баяу дамиды. Бұл жағдай тек оқыту процесін ғана емес, сондай-ақ оқушының жалпы әлеуметтенуіне де теріс әсер етеді.

Сондықтан бұл категориядағы оқушылармен жұмыс барысында олардың бейімделуін жеңілдету үшін арнайы түзету-дамыту бағдарламалары мен психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды. Бұл қолдаудың басты буыны — әлеуметтік педагог болмақ.

Әлеуметтік педагогтың мектептің білім беру жүйесі негізінде ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасауы бірнеше секторлармен серіктесетіні белгілі. Олар мектеп психологы, сынып жетекшісі, мектеп медицина қызметкері, пән оқытушылары, ата-ана және мектептің жалпы басқарушылық санаты [5]. Әлеуметтік педагог – бала мен орта арасындағы дәнекер, ол білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бірлесе отырып, психикалық дамуында тежелуі бар оқушылардың мектепке бейімделуіне бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады. Ол оқушының тұлғалық дамуын, әлеуметтенуін, өзін-өзі тануын, өзіндік бағасын қалыптастыруда маңызды қызмет атқарады.

Бұл зерттеудің өзектілігі – инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің тиімді тетіктерін анықтап, психикалық дамуы тежелген оқушылардың білім беру ортасына бейімделуіндегі нақты рөлін айқындау қажеттілігімен анықталады.

Инклюзивті ортада білім алатын оқушылардың ішінде психикалық дамуы тежелуі бар бастауыш сынып оқушылары ерекше топ болып табылады. Олар үшін жаңа ортаға бейімделу үдерісі көптеген әлеуметтік және психологиялық қиындықтармен ұштасады. Осы жағдайларда әлеуметтік педагогтың қолдауы мен бағыт-бағдары – баланың ортаға сәтті бейімделуінің маңызды шарты болып саналады.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының мектеп ортасына бейімделуі — күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Бұл үдеріс оқушының тек оқу үлгерімін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық жай-күйін, қарым-қатынасқа түсу қабілетін, эмоционалды тұрақтылығын қамтиды. Осы орайда әлеуметтік педагогтың атқаратын қызметі ерекше маңызды. Ол білім алушының әлеуметтенуіне жағдай жасап қана қоймай, оның дамуын қолдайтын орта қалыптастыруға белсенді атсалысады.

Әлеуметтік педагогтың бейімдеу процесіндегі рөлі оқушы мен әлеуметтік орта арасындағы өзара байланысты реттеуге бағытталған. Бұл қызмет бірнеше бағытта іске асырылады:

1. Оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс

Әлеуметтік педагог әрбір баланың даму ерекшеліктерін ескеріп, онымен жеке жұмыс жоспарын құрады. Бұл жұмыс оқушының сенімін арттыруға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және эмоциялық тұрақтылығын дамытуға бағытталады. Жұмыс барысында төмендегідей әдістер мен тәсілдер қолданылады:

- арт-терапия (сурет арқылы ішкі жан күйін білдіру);
- ойын терапиясы (қиял мен шынайылықты байланыстыру арқылы бейімделу);

- әңгімелесу және кеңес беру (қарапайым тілде, баланың түсіну деңгейіне бейімдеп);
- тыныс алу жаттығулары мен релаксация элементтері (эмоциялық шиеленісті азайту үшін);
- әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар (қарым-қатынас, тыңдау, сұрақ қою, эмоцияны білдіру және тану).

2. Ата-аналармен жұмыс

Бала дамуы мен бейімделуінің табысты болуы ата-ананың қолдауына тікелей байланысты. Сондықтан әлеуметтік педагог:

- ата-аналарға жүйелі түрде баланың даму ерекшеліктері жөнінде кеңес береді;
- отбасындағы қарым-қатынас моделін зерттеп, қажет жағдайда оны түзетуге ықпал етеді;
- ата-ананы мектептегі тәрбие жұмысына, баланың әлеуметтік өміріне белсенді қатыстыруға тырысады.

3. Педагогикалық ұжыммен өзара әрекет

Бейімдеу үдерісінің сапасы педагогикалық ұжыммен тығыз ынтымақтастықта болғанда ғана жоғары болады. Бұл бағыттағы жұмыстар:

- мұғалімдерге оқушының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәлімет беру;
- бірлескен түзету-дамыту стратегияларын әзірлеу;
- қиын жағдайларда бірлескен шешім қабылдау механизмдерін енгізу;
- мектепшілік оңтайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға педагогтердің белсенділігін арттыру сынды шараларды қамтиды.

4. Бейімдеу және дамыту шаралары

Бейімдеу үдерісі барысында баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін арнайы ұйымдастырылған шаралар маңызды. Әлеуметтік педагог төмендегідей іс-шараларды жүзеге асырады:

- танымдық және эмоционалдық дамуға бағытталған тренингтер мен ойындар ұйымдастыру;
- ұсақ және ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар қолдану;
- «Достық әлемі» секілді шығармашылық үйірмелер арқылы балаға өз ойын білдіруге мүмкіндік беру;
- топтық және жеке түзету жұмыстары арқылы баланың бейімделуіне кедергі келтіретін мінез-құлық формаларын жеңілдету.

5. Қоғамдық және әлеуметтік серіктестік

Әлеуметтік педагог тек мектеп ішінде ғана емес, сонымен қатар қоғаммен байланысты нығайту арқылы кешенді қолдау көрсетеді:

- білім беру мекемесі мен ата-аналар қауымдастығы, жергілікті қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты ұйымдастырады;
- қажетті жағдайда психологиялық, медициналық және әлеуметтік қолдау қызметтерін (ПМПК, оңалту орталықтары, емдеу мекемелері) жұмылдырады;
- мектептен тыс қолдау ресурстарын іздестіру арқылы отбасымен жұмыс аясын кеңейтеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік педагог — баланың әлеуметтену үдерісін жүйелі ұйымдастырып, оның мектеп ортасында өзін еркін әрі қауіпсіз сезінуіне жағдай жасайтын жетекші кәсіби тұлға. Әлеуметтік педагогтың мақсатты, жоспарлы және кешенді қолдауы психикалық дамуы тежелген оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге, оның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға және құрдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог ата-ана, педагогикалық ұжым және мектеп мамандарымен тығыз өзара әрекеттесе отырып, баланың білім беру ортасына табысты бейімделуіне ықпал етеді. Осындай кәсіби сүйемелдеу нәтижесінде психикалық дамуы тежелген оқушының әлеуеті ашылып, өзіне деген сенімі

артады, оқу мен әлеуметтік өмірге белсенді қатысуға ынтасы қалыптасады. Нәтижесінде, әлеуметтік педагогтың жүйелі жұмысы оқушының мектепке табысты бейімделуін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның қоғамның толыққанды, әлеуметтік жауапты мүшесі ретінде қалыптасуына берік негіз қалайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Карибаев Ж., Аутаева А., Кариев А. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық сүйемелдеу //Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. – 2024. – Т. 111. – №. 4. – С. 215-224.
2. Специальная психология: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. В. И. Лубовского. — М.: Владос, 2006.-703 с.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Елеупаева Ж. К., Зарифова М. А., Оспанова Б. К. Характеристика детей с задержкой психического развития начального школьного возраста //Вестник Alikhan Bokeikhan University. – 2019. – Т. 44. – №. 4. – С. 130-130.
5. Alchymbayeva A., Algozhayeva N., Samanova D. Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмыс бағдары //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2023. – Т. 76. – №. 3. – С. 82-92.

ӘОЖ 378.014:376

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Турсунбаева Акканат Уйезбекқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «8D01802 - Әлеуметтік педагогика» мамандығының бірінші курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

akkanat2012@mail.ru

Кіріспе. Қазіргі білім беру педагогикалық тәжірибелерді инклюзиялаудың, цифрландырудың және халықаралық интеграциялаудың жаһандық үрдістеріне байланысты елеулі өзгерістерге ұшырауда. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлау білім беру жүйелерінің негізгі міндеттерінің біріне айналады, өйткені білім беру процесінің тиімділігі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейіне, олардың білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу қабілетіне және педагогикалық практикаға инновациялық әдістемелерді енгізуге тікелей байланысты. Халықаралық тәжірибе мамандандырылған курстар мен қайта даярлау бағдарламаларынан бастап инклюзивті модульдерді базалық білім беру бағдарламаларына біріктіруге дейінгі педагогтарды кәсіби даярлаудың кең ауқымды тәсілдерін көрсетеді. Инновациялық тәсілдерге оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдану, цифрлық технологияларды, жұмыстың жобалық және командалық нысандарын пайдалану, сондай-ақ курстардың мазмұнын педагогтар мен білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу кіреді. Мұндай әдістер мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу, қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын құру, сондай-ақ дәлелді деректер мен заманауи зерттеулерге негізделген жаңа педагогикалық тәжірибелерді енгізу қабілетін қоса алғанда, инклюзивті білім беруді табысты іске асыру үшін қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибені талдау мәдени, әлеуметтік және нормативтік-құқықтық ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық білім беру жүйелерінде бейімделуі мүмкін үздік тәжірибелерді анықтауға мүмкіндік береді. Педагог кадрларды даярлаудың инновациялық әдістемелерін зерттеу білім беру сапасын арттыруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, инклюзивті білім беру бағдарламаларын стратегиялық дамыту үшін негіз қалыптастырады.

Мақаланың мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи инновациялық тәсілдерін қарастыру және оларды енгізудің халықаралық тәжірибесін талдау.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, педагогтарды даярлау, инновациялық әдістемелер, халықаралық тәжірибе, кәсіби құзыреттер, білім беру технологиялары, педагогикалық практика